Әділет

**Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 22 желтоқсандағы N 3/34-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 04 қаңтарда N 5-13-37 тіркелді. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 9/69-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Катонқарағай аудандық мәслихатының 19.12.2012 N 9/69-V шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 373 бабына сәйкес Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Базарларда тауар сататын жеке тұлғалар төлейтін бір жолғы талондардың құны № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Занының 36 бабы негізінде ара тұра сипаттағы қызмет түрлерінің тізбесі № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгертулер енгізілді - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен.

3. Катонқарағай аудандық мәслихатының 2006 жылдың 28 сәуіріндегі «Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы» № 20/3-III шешімінің күші жойылсын (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік Тізілімінде 2006 жылы 5 мамырда № 5-13-18 болып тіркелген, аудандық «Арай» газетінің 2006 жылғы 15 мамырдағы 19 нөмірінде жарияланған).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *Р.Өскембаев*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы Д.Бралинов*

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 22 желтоқсандағы № 3/34-IV шешіміне 1 қосымша

## Базарларда тауарлар өткізетін жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

| № | Базардың атауы | Базардың негізгі қызмет көрсету түрлері | Бір күнге арналған бір жолғы талонның құны (1 шаршы метрге теңгемен) |
|---|---|---|---|
| 1 | Большенарым ауылында орналасқан жеке кәсіпкер А.Кудериновтың базары | 1. Өнеркәсіптік және шаруашылық тауарларды сату | 40 |
| | | 2. Бейнетаспалар, ойыншықтар, ыдыс-аяқтар мен кеңсе тауарларын сату | 40 |
| 2. | Большенарым ауылында орналасқан жеке кәсіпкер Д.Тумашиновтің базары | 1. Өнеркәсіптік және шаруашылық тауарларды сату | 38 |
| | | 2. Азық түлік тауарларын сату | 34 |
| | | 3. Ет сату | 57 |
| | | 4. Бір күндік бір бас малдың тірідей салмағымен сату | 251 |
| 3 | Катонқарағай ауылында орналасқан жеке кәсіпкер Б.Рахимжанованың базары | 1. Өнеркәсіптік және шаруашылық тауарларды сату | 153<br>10 шаршы метрден асқан әрбір шаршы метрге 14 теңге |
| 4. | Катонқарағай ауылында орналасқан жеке кәсіпкер А.Жандарбекованың базары | 1. Өнеркәсіптік және шаруашылық тауарларды сату | 38 |

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 22 желтоқсандағы № 3/34-IV шешіміне 2 қосымша

Ескерту. 2 қосымшаға өзгертулер енгізілді - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен.

# Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық Кодексінің 373 бабы негізінде ара тұра сипаттағы қызмет түрлерінің тізбесі

| № | Қызмет түрлерінің тізбесі | Бір күнге немесе бір күндік сапарға арналған бір жолғы талон құны теңгемен (тапқан табыстың өсу қарқынын ескере отырып) |
|---|---|---|
| 1 | Сату түрлері:<br>1. газет , журналдар<br>2. тұқымдар, көшеттер, басқа да түрлерінің отырғызуға арналған дайын көшеттері (рассадалары)<br>3.бау- бақша өнімдері<br>4. Мал мен құсқа арналған азық<br>5. Қосалқы ауыл шаруашылықтың азық түрлері.<br>6. бау- бақша және сүт тағамдары<br>7. Балық түрлерінің өнімдері<br>8. Сыпыртқы , сыпырғыш<br>9. Саңырау құлақ , бал және тау жеміс жидектері<br>10. алынып тасталды - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен;<br>11. алынып тасталды - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен;<br>12. алынып тасталды - Катонқарағай аудандық мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен. | 84<br>5 0<br>342<br>1 7 0<br>5 0<br>3 4<br>2 7 3<br>34<br>84 |
| 2 | Үй жануарларын жаю | 342 |
| 3 | Жеке меншіктегі тракторлармен жер учаскелерін өндеу, басқа да қызмет түрлерін көрсету | 845 |
| 4 | алынып тасталды - Катонқарағай мәслихатының 2009.04.23 N 12/123-IV шешімімен. | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК